

- жеңіл металдардан қаптырма жасау;
- жарнама- ақпараттық және баспалық қызмет;
- делдалдық және сауда- коммерциялық қызмет;
- жылжымайтын мүлікті сату және сатып алу;
- экспорттық — импорттық операциялар;
- ұйымдар мен тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету;
- қонақ үй шаруашылығын ұйымдастыру;
- тасымалдау және осы қызметпен байланысты қызметтер;
- іс жүргізу бойынша қызметтер;
- тұтынушылар нарығының маркетинг-талдауы;
- Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде жолаушы және жүк тасымалдары;
- заңнамамен белгіленген тәртіпте сыртқы-экономикалық қызмет;
- қызметтің барлық түрлерін көрсету, соның ішінде: ғылыми-зерттеулік, жобалық, құрастыру, зерттеушілік, аудармашылық, өкілдік, есептеу, анықтама-ақпараттық, маклерлік, басқарушылық, комиссиялық, ұйымдастырушылық;
- көтерме және бөлшек сауда;
- сауда — делдалдық қызмет;
- халық тұтынатын және өндірістік мақсаттағы тауарларды өндіру және өткізу (киім, аяқ киім, құрылыс заттары, шаруашылық тауарлары, тұрмыстық химия, жиһаз);
- компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету;
- баспа- бланк өнімін өндіру және өткізу;
- ғимараттар мен құрылыстардың көтеретін және қоршап тұратын құрастырмаларын салу;
- арнайы құрылыс және жинақтау жұмыстары;
- сыртқы инженерлік желілер мен ғимараттарды орналастыру бойынша жұмыстар;
- ішкі инженерлік желілерді орналастыру бойынша жұмыстар;
- ғимараттар мен құрылыстарды салу, қайта салу, күрделі жөндеу кезіндегі өндеу жұмыстары;
- технологиялық құрал- жабдықты жинақтау;
- технологиялық жабдықтарды іске қосу — реттеу жұмыстары;
- құрылыс материалдарын өндіру, өткізу, экспорттау- импорттау;
- сыртқы экономикалық қызмет;
- инвестициялық қызмет;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлері.

6. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ ҮЛЕСТІ САТЫП АЛУШЫҒА БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН УАҚЫТЫ

- 6.1. Серіктестік қатысушысымен үлестің бөлігін/барлығын сату жөнінде шешім қабылданған жағдайда ол бұл жөніндегі шешімі жайында 15 (он бес) күнтізбелік күн аралығында атқарушы органға хабарлайды.
- 6.2. Атқарушы орган қатысушының үлестің бөлігін/барлығын сату жөнінде шешімін алған мезеттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн аралығында қатысушыға серіктестіктің ағымдағы уақыттағы шаруашылық-қаржылық қызметі жайындағы ақпаратты беруі тиіс.
- 6.3. Үлесті сатып алушы серіктестік қызметі жайындағы ақпаратты өзінің ниеті жайындағы өтінішінің атқарушы органда тіркеген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн аралығында ала алады.